



**Уалиахмет Шыңғыс,  
5 сынып оқушысы**

Қазақстан халқы өмір бойы армандаған тәуелсіз мемлекетке қолы жетті.

1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан өзінің тәуелсіздігін жариялады. Президенттің басшылығымен Ата заңымыз-тұңғыш Конституция 1993 жылы 28 қаңтарда қабылданды.

1995 жылы 30 тамызда Қазақстан Республикасы жаңа екінші Конституциясы қабылданды. Қазақстан демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет деп аталды. Мемлекеттік тіл қазақ тілі болып бекіді. Қазақстанның төңірегіндегі мемлекетпен тәуелсіздікті танытып шекара белгісін бекітті. ТМД елдерін ауызбірлікке шақырып, экономикалық одақ құрды. Бейбіт өмір сүруді насихаттады.

Бабалар дәстүрі, салты- халықты рухани өсіруге және имандылыққа тәрбиелеу негізі. Қазақ халқы бейбітшілікті сүйеді. Президентіміз барлық адам баласына ортақ бақытты өмір орнатып жатқанына қуанамыз.

Бабаларымыздың ғасырлар бойы жасап кеткен тарихы, ұлттық тағылымы-бүгінгі ұрпақ үшін баға жетпес үлкен қазына. Еліміздің тарихын терең білу үшін мұражайға үзбей барып, ұлы Отан соғысы кезіндегі әдебиетті оқу керек.

1830 жылы Ресейден ,Украинадан орыс шаруалары қазақ жеріне атап айтқанда Ақмолаға табан тірейбастады. Сауда орны жәрменкелер ұйымдастырылды. Қазақстан, Ресей, Орта Азияның саудагерлері бас қоса бастады.

Тың игеру басталысымен қала - Целиноград деп аталды. Бүгінгі таңда Агро-мәдени аймақтың әкімшілік орталығына айналды. Ақмола қаласын Еліміздің бас қаласына айналдырып Қазақстан Республикасының астанасы ету «Астана» деп ат қойып, республика астанасы ету Н.Ә.Назарбаевтің көргендігі саясаткерлігі деп білемін. Республика астанасын қазір дүние жүзі делегаттары көріп, таң қалуда. Қазақ халқын дүние жүзі танып білуде.

Астанада сәулет кешендері «Ақ Орда», «Бәйтерек» биіктігі 105 метр. Үкіметтік ұйымдар, дипломатиялық елшіліктер, көптеген мекемелер, бизнес орталығы т.б. жыл сайын қалада әртүрлі халықаралық көрмелер, конференциялар, ән кештері, фестивальдар өтіледі. Қалада опера және балет театр, драма театр, түрлі мұражайлар, кітапхана, кинотеатр, кафелер, сауда залдары, серуенге арналған атракционы, қонақ үйлер,көңіл көтеретін ашық аспан астында «Атамекен» паркі бар..

[Введите текст]

Ауылдың еңсесін көтеру үшін жоғарғы оқу орнын бітірген білімді жастарды ауылға жібере бастады. Жүздеген жаңа мектеп пен ауруханалар ашылып, оқушыларға тегін ыстық тамақ беру мәселесі жолға қойылды. Бір ғана Алматының өзінде 6 мектеп пайдалануға берілді. Оның 5-і ана тілінде, біреуі аралас тілде жұмыс істейді. Мұның өзі мемлекеттік тілге көңіл бөлгендігі.

Қазақ халқының тарихы өте тереңде. XV ғасырда Керей мен Жәнібек тәуелсіз қазақ халқының тәуелсіз хандығын құрды. Тарих – жеке тұлғалардың, халықтардың, мемлекеттің басынан өткен уақиға. Хандар Қасымханның қасқа жолы, Есімханның ескі жолы, Тәуке ханның жеті жарғысы деген заңдар шығарды.

Ол заңда жер дауы, жесір дауы, құн дауы деген мәселе қаралды. XIX ғасырда үш жүздің баласы Абылайды хан көтерді. Ол қазақ жерін білектің күшімен, найзаның ұшымен жоңғарлардан азат етті. Одан кейін XX ғасырда Кеңес Одағының құрамында болды. Барлық шаруаны Мәскеуде шешіп отырды.

Енді міне, Қазақстан өз алдына тәуелсіз демократиялық мемлекет болды. Н.Ә.Назарбаевтің жарлығымен қазаққа қасірет әкеліп, ұрпағын аздырып-тоздырған Семей ядролық полигонын жабылды. Бұл тарихи әділеттілік еді. Бүгінгі күнде қазақ мәдениеті шарықтап өсіп, әлемге танылды. Президенттің жыл сайын халыққа арналған жолдауын абыройымен орындап, еңбек етсе бақыт өзі бас иеді.

Жол картасы бағдарламасы бойынша ауылға көмек басталды. Осы бағдарлама бойынша ауыл көп түзеліп келеді. Қирап қалған мәдениет ошақтары іске қосылды.

Қазақстан жері кең-байтақ. Жердегі қазба байлықтар қуаныштың, жетістіктің тірегі. Тіл бар жерде ұлт болады. Ұлт бар жерде мәдениет дамиды.